

А.Қ. Жұман<sup>1</sup>, Л.С. Сырымбетова<sup>1\*</sup>, А.Г. Шаймерденова<sup>2</sup>, А.М. Затынейко<sup>1</sup>, Т.Е. Ералинова<sup>1</sup>

<sup>1</sup> *Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан;*

<sup>2</sup> *С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана, Қазақстан  
(Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: miss.syrymbetova@mail.ru\*)*

ORCID: 0000-0002-5063-3231

ORCID 0000-0001-5130-132X

## Тілдік білім беруді аксиологияландыру проблемасының өзектілігі

Мақалада авторлар тілдік білім беру аксиологиясы мәселелерінің ғылыми даму дәрежесін анықтаған. Ол үшін библиометриялық желілерді визуализациялауға бағытталған және журналдардың аттарын, авторлардың аты-жөнін, мекемелердің аттауларын, сонымен қоса кілт сөздерді қамтитын картограммаларды құруға мүмкіндік беретін құрылғы ретінде VOSviewer бағдарламасы қолданылды. Keyword Co-occurrence әдісін қолдана отырып, «Тілдік білім берудің аксиологиясы» пәндік саладағы басылымдардың библиометриялық картасы алынды, бірлескен авторлық негізінде тілдік білім берудің аксиологиясы бойынша авторлар желісінің визуалы жасалынды, сонымен қоса Scopus библиографиялық деректер базасы негізінде мемлекеттер мен басылым тілі бойынша аксиология мәселелерін зерттеу саласында басылымдар белсенділігі анықталды. Библиографиялық талдау нәтижесінде авторлар келесі қорытындыға келді: 1) «аксиология» және «құндылық» ұғымдары ғылымның барлық саласын зерттеу пәні болып келеді, алайда тілдік білім беру саласында басылымдар саны айтарлықтай аз; 2) белгіленген үш ұғым бойынша (аксиология, тіл және білім беру) ең көп басылым Ресейде — 100 және АҚШ-та — 88 жарияланған (21% және 18%), басылымдардың негізгі тілі ағылшын тілі — 326 (67%). Бізді қызықтыратын салада орыс тілінде тек қана екі басылым жарияланған; 3) тақырыптық бағытты VOSviewer бағдарламасы негізінде зерттеу арқылы тілдік білім беруді аксиологияландыру саласында 4 кластер анықталды, алайда, тақырыптық бағыттар (кластерлер) бос байланысқан (кластерлердің бір-бірінен ашпақ орналасуы), бұл зерттеу пәніміздің төмен деңгейде зерттелуін көрсетеді. Жалпы, авторлар жүргізілген зерттеу нәтижелері тілдік білім беру аксиологиясы саласындағы ғылыми ізденістерді өзектендіруге негіз болады деп санайды.

**Кілт сөздер:** аксиологияландыру, тілдік білім, VOSviewer бағдарламасы, визуализация, библиометриялық карта, библиометриялық желі, картография.

### Кіріспе

Қазіргі әлемде адам өмірінің өзгеруінің жоғары динамикасы ақиқат бойынша көптеген аспектілерді, соның ішінде қоғамның ішкі құрылымы ретінде білім беру жүйесін де жаңадан қарастыруды талап етеді. Бұл аспектіде жаңа білім беру парадигмалардың пайда болуы заңды болып келеді, оның ішінде бүгінгі таңда «жұмсақ дағдылар» идеясының қалыптасуы мен дамуында байқалатын тенденция ерекше маңызға ие. Берілген әлемдік трендтің мәнін алғаш түсіну барысында қоғамдық құндылықтар жүйесі туралы сөз қозғап отырғанымызды аңғаруға болады.

Қазақстанда берілген тенденция, білім берудің құндылықтары алғаш рет белгіленген Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көрініс тапты. Сонымен қоса, еліміздің мектепте білім беруі білім беру мазмұнын тақырыптық-пәндік жоспарлаудан ашпақтады. ҚР МЖМБС сәйкес бүгінде оқу бағдарламаларында оқыту тақырыптары емес мақсаттары жазылған. Бұл ретте бекітілген құндылықтар барлық пәндер бойынша мақсаттарға жету үшін оқыту материалдарын таңдауда өтпелі нұсқаулық болып табылады.

Білім берудегі құндылық бағдары педагогикалық кәсіптің құндылықтары жазылған «Педагог» кәсіби стандартында да көрсетілген.

Бұл тұрғыда білім берудің жаңа философиясының пайда болуы құндылыққа, барлық формадағы құндылық қатынастарына, әдістерге, тәрбие мен оқыту құралдарында және олардың мазмұнында бұрылыс жасайтын педагогикалық аксиологияның өзектілігін түсіндіреді.

Соңғы жылдары ғалымдардың тілдік біліміндегі аксиологияландыру мәселелеріне ғылыми қызығушылықтың өсуі байқалады [1-3].

Осыған орай біздің мақаламызда біз тілдік білімінің аксиологияландыру мәселелерінің зерттеу дәрежесін анықтауға ниеттіміз.

*Әдістер мен материалдар*

Қойылған мақсатты шешу үшін библиометриялық талдау және картография қолданылды. Осы салада қазіргі ғылым сенімді құралдарды иемденеді. Атап айтқанда, ғалымдар BibExcel, CiteSpace II, Sci2 Tool, Publish or Perish, VOSViewer, VantagePoint, SciMAT және т.б. сияқты ғылыми және библиометриялық зерттеулерге арналған бағдарламаларды қолданады. Осы зерттеуде VOSviewer бағдарламасы пайдаланылған. Бұл библиометриялық желілерді визуализациялауға бағытталған және журнал атауларын, авторлардың фамилияларын, ұйымдардың атауларын, сондай-ақ кілт сөздерді қамти алатын картограммаларды құруға мүмкіндік беретін бағдарламалық құрал [4]. Бұл бағдарлама таңдалған уақыт кезеңінде белгілі бір мәселеге қызығушылықты көрсететін негізгі терминдерді арнайы мағыналық кластерлерге жүйелей алады және топтастыра алады [5].


Жалпы, бұл бағдарлама библиографиялық мәліметтер негізінде ақпаратты талдау және құрылымдау кезінде жұмысты едәуір жеңілдетуге, ғылыми әдебиеттерді бағалауға, негізгі трендтерді анықтауға, зерттеудің өзектілігін негіздеуге қабілетті [6].

Зерттеу Web of Science (WoS): Core Collection және Scopus дерекқорлары негізінде жүргізілді.

*Нәтижелер және талқылау*


Scopus базасы бойынша библиографиялық талдау үш кезеңде жүргізілді. «VOSviewer» бағдарламасын қолдана отырып, деректерді талдау үшін «co-occurrence», кілт сөздерді пайдалану жиілігінің дәрежесі бойынша кластерлейтін әдіс таңдалынды. Нәтижесінде тақырыптық кластерлер құрылды. Төмендегі «ғылым карталарында» кластерлер әртүрлі түстермен белгіленеді, әрбір кілт сөздің өлшемі «total link strength» көрсеткішімен анықталады, яғни берілген кілт сөздің басқалармен байланыс күші және сызықтар екі бөлек кілт сөз арасындағы байланысты көрсетеді [7-8].

Бірінші кезеңде «аксиология» ұғымы таңдалды. Аксиология мәселесін зерттеу 1960 жылдан басталды. Алайда, 1960-2000 жылдар аралығында жалпы 6 мақала жарияланды, бұл осы мәселеге деген өте төмен қызығушылықты көрсетеді. Сондықтан біз 2000-2023 жылдар аралығын таңдадық. Жарияланымдар саны бойынша елдердің талдауы 1-суретте көрсетілген.




1-сурет. Scopus библиографиялық деректер базасына негізделген аксиология мәселелерін зерттеу саласындағы жарияланым белсенділігі: елдер

Бұл тақырыпқа жоғары қызығушылық Америка және Ресей сияқты елдерде байқалады. Жарияланымның негізгі тілі — ағылшын тілі, жарияланым белсенділігі бойынша Ресей бірінші орында тұрғанына қарамастан орыс тіліндегі мақалалар екінші орында (2-сурет).



2-сурет. Scopus библиографиялық дерекқорына негізделген аксиология мәселелерін зерттеу саласындағы жарияланым белсенділігі: жарияланым тілдері

Аталған кезеңде «аксиология» кілт сөзін көрсетіп, іздеу жүйесінде 408 ғылыми жұмыс табылды. Бірінші библиографиялық талдау мақалалардың кілт сөздері негізінде жасалды. Ғылымметриялық картаны құру үшін кем дегенде 15 рет кездесетін кілт сөздер таңдап алынды, нәтижесінде 9223 терминнің 153-і қалды. Осылайша, кілт сөздердің соңғы таңдауы 5 кластерге бөлінген 92 негізгі терминдерден тұрады (3-сурет).




3-сурет. «Аксиология» пәндік саласындағы басылымдардың библиометриялық картасы (Scopus дереккөзі, VOSviewer әдісі, Keyword: Co-occurrence құралдар жинағы)

Жасыл кластер мәдениет пен білім саласындағы аксиологиямен байланысты зерттеулерді көрсетеді, қызыл философия саласында, сары кластерді біз шартты түрде «Әлем және өмір/болмыс/», көк

«Ғылым», күлгін — «Дүниетаным/көзқарас» деп белгіледік. Бұдан аксиология мәселелері әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың көптеген салаларымен байланысты.

Келесі кезеңде іздеу термині «аксиология және тіл» ұғымдарымен шектелді, іріктеу өзгеріссіз қалды. Нәтижесінде 128 дереккөз анықталды, жалпы 4230 кілт сөзінің 22-сі ғана қалды. Бір қызығы, бұл аспектіде ресейлік ғалымдар ең көп басылымдар шығарған (4-сурет).




4-сурет. «Аксиология және тіл» пәндік саласындағы басылымдардың библиометриялық картасы (Scopus дереккөзі, VOSviewer әдісі, Keyword: Co-occurrence құралдар жинағы)

4-суреттен көріп отырғаныңыздай, объектінің өлшемі оның жалпы байланыс күшін («total link strength»), ал сызықтардың ені екі термин арасындағы байланыс күшін («link strength») көрсетеді. Бұл аспектіде 4 кластер қалыптасты, оның ішінде қызыл түс келесі терминдерді біріктіреді: тұжырымдама, мағына, нысан, метафора, әлем. Осының арқасында біз бұл кластерді «Әлемнің тілдік тұжырымдамалары» деп белгіледік. Көк кластер құндылық, дискурс, даму, мәселе сияқты ұғымдардан тұратындықтан, біз оны «Тіл және құндылық» деп белгіледік. Жасыл кластерді «Текстология» деп атадық, құрамына келесі терминдер кіреді: мәтін, мәдениет, интерпретация. Соңғы сары кластерді біз «Тіл және философия» деп белгілеп алдық.

Келесі кезеңде біз кілтсөз ретінде үш сөзді таңдап алдық: аксиология, тіл және білім. Мұнда тек 13 жұмыс анықталды, бұл осы мәселенің төмен дәрежеде зерттелгендігін көрсетеді. Ғылыми еңбектердің аздығына байланысты біз кем дегенде 4 рет кездесетін кілт сөздерді таңдадық (5-сурет).

Мұнда, алдыңғы жағдайдағыдай, төрт кластер құрылды; қызыл түсте үлкен түйін «білім» ұғымымен байланысты, оның ішіне келесі терминдер кіреді: мектеп, құндылық, тіл, мақала, деректер, жол (әдіс). Жасыл кластер «оқушы (студент)» кілт сөзінің айналасында терминдердің орналасуымен анықталады: оқыту, контекст, зерттеу, шетел тілдері. Көк кластер зерттеушілердің аксиологияның дене тәрбиесімен байланысына назар аударатынын көрсетеді. Сары кластер екі негізгі терминді біріктіреді: аксиология және қажеттілік, бұл зерттеу деректерін білім берудегі аксиологияның психологиялық аспектісі ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді.



5-сурет. «Тілдік білім беру аксиологиясы» пәндік саласындағы басылымдардың библиометриялық картасы (дереккөз: Scopus, құралдар жинағы: VOSviewer, әдіс: Keyword: Co-occurrence)

Екінші желілік құрылыс бірлескен авторлық негізде жасалды. Барлығы 43 елден 551 автор анықталды. Бұл жағдайда автордың мақалаларының ең аз саны беске тең деп қабылданды. Нәтижесінде 30 кластерде 32 автор анықталды (6-сурет).



6-сурет. Бірлескен авторлыққа негізделген аксиология бойынша авторлар желісін визуализациялау

Кластерлердің ең көп санына 3 автор кірді (К. Лукашевская, А.С. Миронов, К.Дж. Край, Л. Климша, Б. Беллини, Р. Атфилд. Ең кіші кластерлерге бір автор кірді. Желі әр түрлі елдерден, тіпті бір елде авторлардың байланыстарының жоғары дәрежесін көрсетеді.

Бірлескен авторлыққа негізделген желілерді құру нәтижесінде «тіл және аксиология» кілт сөздері бойынша 9 кластерде 10 автор анықталды, бұл олардың арасындағы байланыстың жоқтығын көрсетеді, өйткені VOSviewer ұсынған визуализацияларда екі түйін арасындағы қашықтық олардың өзара байланысын көрсетеді. Библиометриялық желілерді талдау кезінде әдетте түйіндердің арасындағы

айырмашылықтар қалыпқа келтіріледі, ал VOSviewer стандартты түрде байланыстың күшін қалпына келтіреді [9] (7-сурет).



7-сурет. Бірлескен авторлыққа негізделген тілдік білім беруді аксиологияландыру бойынша авторлар желісін визуализациялау

Атап кететін бір жайт, «тіл және білім беру» кілт сөздерін қолдана отырып, біз авторлар желісінің тура сондай визуализациясын алдық. Осыдан, Scopus базасындағы басылымдарда шыққан тіл саласындағы аксиология мәселелері бойынша зерттеулер білім беру контекстінде жүргізіледі. Web of science дерек қоры бойынша.

«Аксиология» категориясының таңдап алынуы, берілген категорияда басқалармен салыстырғанда басылымдардың саны айтарлықтай жоғары болумен түсіндіріледі. Алайда, тілдік білім беру мәселелері бойынша Web of science базасына кіретін журналдарда тек қана бір басылым табылды.

#### Қорытынды

Библиометриялық талдау мен нәтижелерді карталауды тұжырымдай келе, келесі қорытындылар жасауға болады:

- 1) «аксиология» және «құндылық» ұғымдары ғылымның барлық саласының зерттеу пәні болып келеді, алайда тілдік білім беру саласында басылымдардың саны айтарлықтай аз;
- 2) белгіленген үш ұғым бойынша (аксиология, тіл және білім беру) ең көп басылым Ресейде — 100 және АҚШ-та — 88 жарияланған (21% және 18%), басылымдардың негізгі тілі ағылшын тілі — 326 (67%). Бізді қызықтыратын салада орыс тілінде тек қана екі басылым жарияланған;
- 3) VOSviewer бағдарламасының құралдары бізге қойылған мақсатты қажетті деңгейдегі тереңдік және тоқсандықпен іске асыруға мүмкіндік берді;
- 4) тақырыптық бағытты VOSviewer бағдарламасы негізінде зерттеу арқылы тілдік білім беруді аксиологияландыру саласында 4 кластер анықталды, алайда, тақырыптық бағыттар (кластерлер) бос байланысқан (кластерлердің бір-бірінен алшақ орналасуы), бұл зерттеу пәніміздің төмен деңгейде зерттелуін көрсетеді;
- 5) бұл байқау зерттеу өзектілігінің қосымша негізі болып келеді;
- 6) жеке кластерлер негізінде тілдік білім берудің аксиологиясының перспективті бағыттарын зерттеудің тенденциясын жалғастыру орынды болып көрінеді.

Мақала AP19175188 «Тілдік білім беру ортасын аксиологияландыру контекстіндегі билингвальді оқытудың педагогикалық стратегиялары мен механизмдері» жобасы аясында орындалды. Қаржыландыру көзі — Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті

## Әдебиеттер тізімі

- 13 Косяков Д. Сущность и роль аксиологического подхода в педагогике / Д. Косяков // Образовательный сервис «Zaochnik». — 01.06.2018. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://zaochnik.com/spravochnik/pedagogika/obschie-osnovy-pedagogiki/aksiologicheskij-podhod-v-pedagogike/>
- 14 Дурова Е.А. Аксиологизация языковой подготовки студентов-иностранцев в неязыковом вузе / Е.А. Дурова. — 2017.
- 15 Королева Н.В. Ценностные аспекты в обучении иностранным языкам / Н.В. Королева. — М., 2007.
- 16 Бахматова Т.Г. Библиометрический анализ тенденций в изучении современных медиа / Т.Г. Бахматова, Е.В. Зимина // Вопросы теории и практики журналистики. — 2019. — Т. 8, №2. — С. 274–291.
- 17 Van Eck N.J. Citation-based clustering of publications using CitNetExplorer and VOSviewer / N.J. Van Eck, L. Waltman // *Scientometrics*. — 2017. — № 2. — P. 1053-1070.
- 18 Гавриков П.Г. Опыт применения программного средства *vosviewer* в эпидемиологических исследованиях на примере анализа научных публикаций в медицинских текстовых базах данных / П.Г. Гавриков, А.А. Косова // Вестн. Урал. гос. мед. ун-та. — Вып. № 3. — 2020. — С. 51–53.
- 19 Van Eck N.J. et al. A comparison of two techniques for bibliometric mapping: Multidimensional scaling and VOS / N.J. Van Eck // *Journal of the American Society for Information Science and Technology*. — 2010. — Vol. 61, No 12. — P. 2405-2416.
- 20 Van Eck N.J. Software survey: VOSviewer, a computer program for bibliometric mapping / N.J. Van Eck, L. Waltman // *Scientometrics*. — 2010. — Vol. 84, No 2. — P. 523-538.
- 21 Van Eck N.J. How to normalize cooccurrence data? An analysis of some well-known similarity measures / J. Van Eck, L. Waltman // *Journal of the American Society for Information Science and Technology*. — 2009. — Vol. 60, No 8. — P. 1635–1651.

А.Қ. Жұман, Л.С.Сырымбетова, А.Г. Шаймерденова, А.М. Затынейко, Т.Е. Ералинова

### **К вопросу об актуальности проблем аксиологизации языкового образования**

В статье установлена степень научной разработанности вопросов аксиологии языкового образования. Для этого была использована программа *VOSviewer* как инструмент, ориентированный на визуализацию библиометрических сетей и позволяющий строить картограммы, которые могут включать названия журналов, фамилии авторов, наименования организаций, а также ключевые слова. С помощью метода *Keyword: Co-occurrence* получены библиометрические карты публикаций в предметной области «Аксиология языкового образования», на основе соавторства визуализированы сети авторов по аксиологизации языкового образования, а также определена публикационная активность в области исследования проблем аксиологии на основе библиографической базы данных *Scopus* по странам и языкам публикаций. В результате библиографического анализа авторы пришли к выводу о том, что: 1) понятия «аксиология» и «ценность» являются предметом изучения практически во всех сферах науки, но весьма мало публикаций в области языкового образования; 2) наибольшее количество статей по всем трем понятиям (аксиология, язык и образование) опубликовано в России — 100 и США — 88 (21 и 18 %), основным языком публикаций является английский — 326 (67 %). Только две статьи в интересующей нас области исследования опубликованы на русском языке; 3) изучение тематической направленности на основе возможностей программы *VOSviewer* выявило 4 кластера исследований в области аксиологизации языкового образования, при этом тематические направления (кластеры) слабо связаны (удаленность кластеров друг от друга), что говорит о низкой степени изученности данной проблемы в науке. В целом, авторы полагают, что результаты проведенного исследования являются основанием для актуализации научных поисков в области аксиологии языкового образования.

*Ключевые слова:* аксиологизация, языковое образование, программа *VOSviewer*, визуализация, библиометрическая карта, библиометрическая сеть, картография.

A.K. Zhuman, L.S. Syrymbetova, A.G. Shaimerdenova, A.M. Zatyneiko, T.E. Eralinova

### **To the question of the relevance of language education axiologisation problems**

In the given article the authors set degree of scientific development of language education axiology problems. For this *VOSviewer* program was used as a tool oriented for the visualization of bibliometric nets and allowing to build cartograms which are able to include the names of journals, surname of authors, organization names, and key words. With the help of *Keyword: Co-occurrence* method bibliometric maps of publications in the subject area “Axiology of language education” were taken, on the base of coauthors nets of authors according to the axiologization of language education were visualized, also publication activity in the area of studying axiology was identified on the basis of *Scopus* bibliographic database by the countries and language of publications. As a result of bibliographic analysis authors came to the conclusion that: 1) The notions “axi-

ology” and “value” are the subject of study in all sphere of science, however, there are few publications in the area of language education; 2) The largest number of publications according to the all three notions (axiology, language and education) were published in Russia – 100 and USA – 88 (21% and 18%), the main language of publication is English – 326 (67%). Only two articles in the interested us research area were published in Russian; Studying thematic focus on the base of VOSviewer program ability identified 4 research clusters in the area of language education axiologization, moreover thematic directions (clusters) are weak connected (distance between clusters), which says about low study level of the given problem in science. In general, the authors believe that the results of the study are the basis for updating scientific research in the field of axiology of language education.

*Keywords:* axiologisation, language education, VOSviewer program, visualization, bibliometric map, bibliometric network, cartography.

## Reference

- 1 Kosiakov, D. (2018). Sushchnost i rol aksiologicheskogo podkhoda v pedagogike [The essence and role of the axiological approach in pedagogy]. *Obrazovatelnyi servis «Zaochnik» — Educational service “Zaochnik”*. Retrieved from <https://zaochnik.com/spravochnik/pedagogika/obschie-osnovy-pedagogiki/aksiologicheskij-podhod-v-pedagogike/> [in Russian].
- 2 Durova, E.A. (2017). Aksiologizatsiia yazykovoi podgotovki studentov-inostrantsev v neiazykovom vuze [Axiologization of language training of foreign students in non-linguistic university] [in Russian].
- 3 Koroleva, N.V. (2007). Tsennostnye aspekty v obuchenii inostrannym yazykam [Value aspects in teaching foreign languages]. Moscow [in Russian].
- 4 Bakhmatova, T.G., & Zimina, E.V. (2019). Bibliometricheskii analiz tendentsii v izuchenii sovremennykh media [Bibliometric analysis of trends in the study of modern media]. *Voprosy teorii i praktiki zhurnalistiki — Questions of theory and practice of journalism*, 8 (2), 274–291 [in Russian].
- 5 Van Eck, N.J., & Waltman L. (2017). Citation-based clustering of publications using CitNetExplorer and VOSviewer. *Scientometrics*, 2, 1053-1070.
- 6 Gavrikov, P.G., & Kosova, A.A. (2020). Opyt primeneniia programmogo sredstva vosviewer v epidemiologicheskikh issledovaniakh na primere analiza nauchnykh publikatsii v meditsinskikh tekstovykh bazakh dannykh [Experience of using the vosviewer software in epidemiological studies on the example of the analysis of scientific publications in medical text databases]. *Vestnik Uralskogo gosudarstvennogo meditsinskogo universiteta — Bulletin of the Ural State Medical University*. 3, 51–53 [in Russian].
- 7 Van Eck, N.J. et al. (2010). A comparison of two techniques for bibliometric mapping: Multidimensional scaling and VOS. *Journal of the American Society for Information Science and Technology*, 61(12), 2405-2416.
- 8 Van Eck, N.J., & Waltman, L. (2010). Software survey: VOSviewer, a computer program for bibliometric mapping. *Scientometrics*, 84(2), 523-538.
- 9 Van Eck, N.J., & Waltman, L. (2009). How to normalize cooccurrence data? An analysis of some well-known similarity measures. *Journal of the American Society for Information Science and Technology*, 60(8), 1635–1651.